

"Қадағалап ден қою шараларын қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 272 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2025 жылғы 12 тамыздағы № 30 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 20 тамызда № 36639 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 31.08.2025 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қадағалап ден қою шараларын қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 272 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17789 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Сақтандыру қызметі туралы", "Бағалы қағаздар рыногы туралы", "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:"**;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қадағалап ден қою шараларын қолдану қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қадағалап ден қою шараларын қолдану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" (бұдан әрі – Банктер туралы заң), "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" (бұдан әрі – Ипотека туралы заң), "Сақтандыру қызметі туралы" (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң), "Қазақстанның Даму Банкі туралы" (бұдан әрі – Даму Банкі туралы заң), "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" (бұдан әрі – Кепілдік беру қоры туралы заң), "Бағалы қағаздар рыногы туралы" (бұдан әрі – Бағалы қағаздар нарығы туралы заң), "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" бұдан әрі – Мемлекеттік реттеу туралы заң), "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" (бұдан әрі – Кредиттік бюролар туралы заң), "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" (бұдан әрі – Төлемдер туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес

әзірленді және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) банкке, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалына, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкiнiң қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы негiзiнде айырбастау пунктi арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаны және айрықша қызметi банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаны қоспағанда), банк холдингiне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалына, сақтандыру брокерiне, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерiнiң филиалына, сақтандыру холдингiне, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепiлдiк беретiн ұйымға, бағалы қағаздар нарығының кәсiби қатысушысына, олардың басшы қызметкерлерiне, Қазақстанның Даму Банкiне, банк конгломератының құрамына кiретiн ұйымдарға, сақтандыру тобының құрамына кiретiн ұйымдарға, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельдi басқарушының iрi қатысушыларына, сақтандыру брокерiнiң қатысушыларына, акционерлерiне, сақтандыру нарығында актуарлық қызметтi жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарийге, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельдi басқарушының iрi қатысушысы, банк холдингi, сақтандыру холдингi белгiлерi бар тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын қолдану тәртібін белгiлейдi.";

3-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шаралары – банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельдi басқарушының iрi қатысушыларына, сақтандыру брокерiнiң қатысушыларына, акционерлерiне, банк холдингiне, сақтандыру холдингiне, банк конгломератының құрамына кiретiн ұйымдарға, сақтандыру тобының құрамына кiретiн ұйымдарға, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельдi басқарушының iрi қатысушысы, банк холдингi, сақтандыру холдингi белгiлерi бар тұлғаларға.".

2. Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаментi Қазақстан Республикасының заңнамасында белгiленген тәртіппен:

1) Заң департаментiмен бiрлесiп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әдiлет министрлігiнде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігiнiң ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментiне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2025 жылғы 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі және міндетті жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігінің Төрағасы*

М. Абылкасымова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК